

## КЕЛІСІМ-ШАРТЫ

Жамбыл ауылы

« 15 » 09 2020 ж

ЖШС «Нұрлы-жол» бөбекжай балабақшасының атынан меңгерушісі:  
Тилеубаева Раушанай Нишановна бір жағынан және екінші жағынан:

Әзілжан Дәлімжан Қарыпбергалиев

Бұдан әрі « ата-ана» деп аталатын ата-анасының ( баланың заңды тұлғаларының ) біреуінің:

Шығайбергалиев Қарыпбек Әзілжанұлы

( бұдан әрі Тараптар ) арасындағы қарым-қатынасы анықтау және реттеу мақсатында төмендегілер туралы осы шарт жасалды.

### 1. Шарттың мәні

1.Осы шарт ЖШС «Нұрлы-жол» бөбекжай балабақшасы мен баланың ата-анасы ,өзге де заңды өкілдері арасында баланың «Нұрлы-жол» бөбекжай балабақшада болған кезеңінде тараптардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ тәрбиеленушіні тәрбиелеу мен оқытуға өзара жауапкершілік тетігін белгілей отырып ,өзара қарым-қатынасты реттейді.

### 2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

#### 1.Баланың өмірі мен денсаулығын

сақтауды, физикалық, зияткерлік, тұлғалық дамытуды қамтамасыз ететін жағдайлар жасауды, Қазақстан Республикасының Білім және ғылыми министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген.

2. Баланың әрекетін оның жасына , жеке ерекшеліктеріне және қабілеттеріне сәйкес ұйымдастыруға;
3. Ата-ананың келісімімен баланы медициналық көрсетілімдер кезінде балалар емханасына тексерілуге жіберуге;
4. Бес күндік ; -сағат 09.00-18.00 дейін «Нұрлы-жол» бөбекжай балабақшасына бару кестесін жасауға;

5. Карантин, бала сырқаттарған жағдайда, десаулық сақтау, білім беру және өзге де ұйымдарда емделу, сауықтыру, түзету және оңалту кезінде (көрсетілім бойынша анықтама қортынды ұсынғанда) ата-анасының біреуіне немесе басқада заңды өкілдеріне еңбек демалысына бергенде және жазғы мерзімге баланы сауықтыру үшін екі айға дейін демалысын бергенде және жазғы мерзімге баланы сауықтыру үшін екі айға дейін демалысын алған уақытта (ата-ананың жазбаша өтініші негізінде) баланың орнын сақтауға:

6. Баланы тәрбиелеу мен оқыту мәселелерінде ата-анаға консультациялық көмек көрсетуге;

7. Баланы келесі топқа әр жылдың 1-30 тамыз аралығында көшіруге;

8. ЖШС «Нұрлы-жол» бөбекжай балабақшасына қойылған санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы» (бұдан әрі – санитарлық ережелер) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы №165 бұйрығына сәйкес санитарлық ережелердің талаптарын сақтауға міндетті.

9. Баланы ЖШС «Нұрлы-жол» бөбекжай балабақшасының баланың тамақтануы үшін ай сайынғы төлемақы белгіленген мерзімде уақтылы төленбеген, бала бір айдан астам дәлелсіз себептермен және әкімшілікке ескертпей келмеген; дәрігерлік консультациялық комиссияның анықтамасының негізінде баланың ЖШС «Нұрлы-жол» бөбекжай балабақшасына келуіне кедергі болатын медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда шығаруға;

10. Баланың ата-анасы немесе заңды өкілі алкогольді ішімдік ішіп келгенде, сонымен қатар кәмелеттік жасқа толмаған туыстарына баланы бермеуге;

11. Ата-ана жүйелі түрде өз міндеттерін орындамаған кезде ата-ананы бұл жөнінде 10 күнтізбелік күннен кеш емес мерзімде ескертіп мерзімінен бұрын осы шартты бұзуға;

12. Қажет болған жағдайда топтарды қосуға құқылы.

Ата-ана:

1. ЖШС «Нұрлы-жол» бөбекжай балабақшасының шартты сақтауға;
2. Баланың тамақтану үшін 10.000(он мың) теңге мөлшерінде ағымдағы айға әр айдың 05 -дейін ақы төлеуге;
3. Баланы тәрбиешіге жеке тапсыруға және одан алуға;
4. Жақын туысқандарына сондай-ақ кәмелеттік жасқа толмағандарға баланы ЖШС «Нұрлы-жол» бөбекжай балабақшасының алуды тапсырмауға;
5. Баланың болмауы туралы алдын ала ЖШС «Нұрлы-жол» бөбекжай балабақшасына уақытында хабардар етуге;
6. Тұмау немесе жұқпалы аурулардың белгілері бар баланы тәрбиеленушілер арасында таратпау үшін ЖШС «Нұрлы-жол» бөбекжай балабақшасына уақытында хабардар етуге;
7. Бала сырқаттанып қалған жағдайда емдеуші дәрігер берген медициналық анықтама әкелуге, сондай-ақ бала үш күннен астам уақыт болмаған жағдайда Санитарлық ереженің 134 тармағына сәйкес денсаулығы туралы анықтама әкелуге;
8. ЖШС «Нұрлы-жол» бөбекжай балабақшасының қызметкерлеріне құрметпен қарауға;

Талаптардың жауапкершілігі:

1. Осы шартта көзделген өз міндеттемелерін орындамаған үшін немесе тиесілі орындамағаны үшін талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

Дауларды шешу тәртібі:

1. Осы шартты орындау процесінде туындаған келіспеушіліктер мен дауларды өзара қолайлы шешімдерге келу мақсатында тікелей талаптардың өздері шешеді.

2. Талаптар арасында келіссөздер, өзара қолайлы шешімдер жасау жолымен шешілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

Шарт қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және тараптардың келісімі бойынша ұзартылуы, өзгертілуі, толықтырылуы мүмкін.

Шартқа өзгерістер, өзгерістер, толықтырулар енгізу оған қосымша түрінде рәсімделеді.

Шарттың әрекет ету мерзімі 15.09.20 бастап 15.09.25 дейін.

Осы шарт әр тарап үшін бір-бірден 2 данада жасалды:

Осы Шартқа қол қойған тараптар:

ЖШС «Нұрлы-жол» бөбекжай балабақшасының

Меңгерушісі: Р.Тилеубаева



Ата-анасы немесе жауапты адам:

Иманбергдиева Ғазиға Қазбесерова

Мекен -жайы:

Малыбеке

Телефоны:

8445347414

Екінші данасын алдық:

A handwritten signature in blue ink, likely belonging to the second party mentioned in the document.